

"Жер учаскелері үшін жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" 2004 жылғы 04 маусымдағы № 6/10-III шешімге өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 12/122-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 06 мамырда N 5-13-57 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 2/19-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 13.04.2016 № 2/19-VI шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексінің 387 бабына сәйкес Катонқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2004 жылғы 04 маусымдағы "Жер учаскелері үшін жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" № 6/10-III шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2004 жылы 9 маусымда № 1823 болып тіркелген, аудандық "Арай"- "Луч" газетінің 2004 жылғы 18 маусымдағы 27 санында жарияланған), төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

"2001 жылғы 12 маусымдағы № 209-II "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 338 бабы негізінде осы Кодекстің 329, 330, 332, 334 баптары" деген сөйлем " Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексінің 387 бабына " деген сөйлеммен ауыстырылсын;

- 1 тармағындағы 329 бап деген сөз;
- 2 тармағындағы 332 бап деген сөз;
- 3 тармағындағы 330 бап деген сөз;
- 4 тармағындағы 334 бап деген сөз алынып тасталсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК